




Бекітемін:
МКҚК «Құниғай» бөбекжай-бақшасы»
менгерушісі: Айталина Р. И.



Тақырыбы: « Сіқырлы пішіндер»

Тәрбиеші: Асанбекова Ж.С.

Ақсукеңт 2024жыл

Тақырыбы: « Сиқырлы пішіндер»

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін және оның түстері туралы түсініктерін бекіту

Дамытушылық:Балалардың дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту

Міндеттері: Геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету

Пішіндердің айырмашылығын және ұқсастығын ажырата білуге баулу

Тәрбиелік:Балаларды ұқыптылыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу

Ресустар: Интерактивті тақта, геометриялық пішіндердің суреті,қағаз майлықтар

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап,ойын,топтық жұмыс

Педагогтің іс-әрекеті

Шаттық шеңбері:

Достарды біз қолдаймыз

Қиын шақта қолдаймыз

Біздің топта ұл-қыздар

Тату –тәтті ойнаймыз

-Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің ерекше қызықты өткенін қалайсыңдар ма? Олай болса біз сендермен «Сиқырлы пішіндер» еліне саяхатқа барамыз.

Сиқырлы пішіндерге қандай пішіндер жатады екен,соны қарайық:

-Төртбұрыш,үшбұрыш,дөңгелек жатады екен.

-Неге төртбұрыш деп атайды екенбіз,қанекей төртбұрыштың қабырғаларын,бұрышын санайық.(Балалар бұрышты санайды)

-Төртбұрыштың түсі қандай?

Балалар төртбұрыштың түсін айтады.

-Ал үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз,оның да бұрыштары мен қабырғаларын санайық. (Балалар санайды)

-Үшбұрыштың түсі қандай екен?

Балалар үшбұрыштың түсін айтады.

-Жақсы,мынау қандай пішін екен?

-Дөңгелек

-Әрине, бұл дөңгелек пішін, түсі қандай? (Балалар дөңгелектің түсін атайды)

-Жарайсыңдар, балалар.

Балаларға дөңгелек пішіндер таратылады.

«Пішіндерден гүл құрастыр» дидактикалық ойыны

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып секірді

Қарап еді артына

Қиығын сап көзінің

Келе жатқан томпаңдап

Көжегі екен өзінің

Балаларға геометриялық пішіндердің суреті салынған қағаз майлықтар мен су құйылған тәрелкелер таратылып беріледі.

«Сикырлы пішіндер» тәжірибе ойыны

Балалар берілген қағаз майлықтарды су құйылған тәрелкеге салып тәжірибені жасайды. Майлық бетіне шыққан пішіндердің атын атайды, түстерін атап береді, пішіндерді бір-бірімен салыстырады.

-Жарайсыңдар, балалар. Бүгінгі саяхатымыз аяқталды. Сендер тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.

Педагог сабақты қорытындылай келе балалардан пішіндердің атауларын, олардың айырмашылығын сұрайды.

Балаларды мақтап мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

біледі: төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек пішіндерді атай білуді.

игереді: пішіндердің ерекшеліктері туралы түсінікті.

менгереді: пішіндерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды.

